

Кәсіби стандарт
«Жалпы орта білім (педагогикалық және әдістемелік қызмет)»

1. Жалпы ережелер

1. «Жалпы орта білім (педагогикалық және әдістемелік қызмет) кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын қалыптастыру үшін, оның ішінде білім беру ұйымдарының персоналын оқытуға, білім беру мекемелерінің қызметкерлерін және түлектерін сертификаттауға арналған.

2. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындығыны дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі/деңгейлік біліктілік – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзыреті деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) ұлттық біліктілік шеңбері - еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

4) ұлттық біліктілік жүйесі – еңбек нарығынан мамандар даярлау сұраныс пен ұсынысты реттеу үшін құқықтық және институтционалдық тетіктерінің жиынтығы;

5) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

6) сала/негізгі топ – шығарылатын өнімдерге, өндіріс технологияларға, негізгі қор мен жұмыс істеушілердің кәсіптік дағдыларына ортақ сипаттамасы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

7) кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі (ұқсас немесе жақын тағайындау объектілер, технологиялар оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттердің ұқсас жиынтығын талап ететін кәсіби кіші топтар жиынтығы;

8) кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің тұтас жиынымен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

9) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

10) кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде игерілетін және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді және тәжірибелік дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметіндегі кәсіптердің негізгі түрі;

11) еңбек функциясы – еңбек үрдісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

3. Осы кәсіби стандартта мынандай қысқартулар пайдаланылады:

1) ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

2) БА – басшылар, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

3) КС – кәсіби стандарт;

4) СБШ – салалық біліктілік шеңбері.

2. Кәсіби стандарттың төлқұжаты

4. Кәсіби стандарттың атауы: «Жалпы орта білім (педагогикалық және әдістемелік қызмет)».

5. Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты: жалпы орта білім (педагогикалық және әдістемелік қызмет) беруде жұмыскерлерге қажетті ептілікті, дағдыларды, білім мен құзыреттіліктерді сипаттау.

6. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: стандарт оқушылардың денелік, психологиялық, рухани және зияткерлік дамуын қамтамасыз ететін жалпы орта білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылына, жалпы орта білім беруде педагогикалық және әдістемелік қызметке қойылатын талаптарды қамтиды.

7. Негізгі топ: білім.

Кәсіптік топ: жалпы орта білім.

3. Кәсіптердің карточкалары

8. Кәсіптер тізбесі:

педагог (мамандандыру: жалпы орта білім; лауазымдар: педагог, оқытушы), ҰБШ бойынша біліктіліктің 4, 5-деңгейі;

әдіскер (мамандандыру: жалпы орта білім; лауазымдар: әдіскер, әдістемелік кабинеттің меңгерушісі, әдістемелік бірлестіктің жетекшісі және басқалары), ҰБШ бойынша біліктіліктің 4, 5-деңгейі.

Кәсіптер карточкалары осы КС-ға Қосымшаларда беріліп отыр.

«Жалпы орта білім (педагогикалық және әдістемелік қызмет)» кәсіптік стандартына қосымша

Кәсіптер карточкасы «Педагог (мамандану: жалпы орта білім)»	
Кәсіп коды	2320
Кәсіп атауы	Педагог (мамандандыру: жалпы орта білім)
ҰБШ бойынша біліктілік деңгейі	4
БА бойынша біліктілік деңгейі	Жұмыс өтіліне талап қоймай техникалық және кәсіптік педагогикалық (арнаулы орта, кәсіптік орта) білімі.
Кәсіптік білім деңгейі	Мамандығына сәйкес техникалық және кәсіптік білім
Еңбек функциялары	1. Тәрбиелеу мен оқытудың педагогикалық технологияларын, қолданыстағы әдістемелік материалдарды, педагогикалық қызметтің оң тәжірибесін зерделеу және қорытындылау
	2. Оқу процесінің моделін, тұжырымдамасы мен жоспарын әзірлеуге қатысу (әдіскерлермен және басшылармен бірлесіп)
	3. Әдістемелік материалдарды әзірлеу, оқушылардың жеке және кәсіби әлеуетін ашудың және пайдаланудың, денсаулықты сақтау, ұйымдастыру және техникалық жағдайларын жобалау; сабақтар өткізу.
	4. Оқушылардың дербес оқу қызметін ұйымдастыру
	5. Рефлексия, жеке қызметтегі қиыншылықтарды анықтау және түзету
1-еңбек функциясы мен оқытудың педагогикалық технологияларын, қолданыстағы әдістемелік материалдарды, педагогикалық қызметтің оң тәжірибесін зерделеу және қорытындылау	<p>Іскерлік және дағдылар:</p> <p>1. Инновациялық әдістерді пайдалана отырып, оқу және педагогикалық қызмет жағдайларын зерттеу және жобалау.</p> <p>2. Оқушылардың әлеуетін бастапқы диагностикалау әдістерін қолдануы: сауалнама жүргізу, сұхбат алу, ойын диагностикалары.</p> <p>3. Нормативтік-құқықтық актілер ережелерін сақтау.</p> <p>Білім:</p> <p>1. Ұғымдары ажырату: еңбек қызмет, ойлау, рефлексия, индивид, субъект, жеке тұлға, өркендеу, социум, қоғам, мемлекет, әдістер, тәсілдер, қағидаттар, қызмет мәні, оқу және педагогикалық әрекеттер, педагогикалық технология, адамның қалыптасуы, дамуы, тәрбиеленуі, оқуы, білімі, рухани зияткерлік және дене әлеуеті.</p> <p>2. Дидактика қағидаттары, педагогика және жас ерекшелік психологиясы.</p> <p>3. Оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық технологиялары</p> <p>4. Еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өрт қауіпсіздігінің қағидалары мен нормалары.</p> <p>5. Санитарлық қағидалар мен нормалар.</p>

	<p>6. Бала құқықтары туралы конвенция, «Білім туралы» ҚР, «ҚР бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы», «ҚР Тіл туралы» ҚР заңдары, ҚР Еңбек кодексі және басқа да білім беруді ұйымдастыру қызметі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер.</p> <p>7. Білім берудің мемлекеттік стандарттары</p> <p>8. ҚР білім беруді ұйымдастыру жүйесі.</p> <p>9. Оқу-бағдарламалық құжаттаманы әзірлеу принциптері және тәртібі.</p>
<p>2-еңбек функциясы Оқу процесінің моделін, тұжырымдамасы мен жоспарын әзірлеуге қатысу (әдіскерлермен және басшылармен бірлесіп)</p>	<p>Іскерлік және дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқу, әдістемелік, педагогикалық, басшылық қызмет пен өзара іс-қимыл функционалдык модельдерінің құрылымы. 2. Оқу, әдістемелік, педагогикалық, басшылық қызмет пен өзара іс-қимылды схемалық модельдеу. 3. Оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудың педагогикалық тұжырымдама құрылымы. 4. Педагогикалық қызмет жоспарының құрылымы. <p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Түсініктерді айыра білу: құрылым, жүйе, макеттер, модельдер, модельдеу, ұйымдастыру, өзін-өзі айқындау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі қамтамасыз ету, өзіндік білім алу, өзін-өзі басқару. 2. Жас ерекшелігі және арнайы педагогика мен психология. 3. Адамның жеке әлеуетін ашу және іске асыру тәсілдері мен принциптері. 4. Ерекшеліктерді диагностикалау әдістері. 5. Оқыту құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндіктері. 6. Педагогикалық, тәрбие және басшылық қызмет субъектілерінің тиімді өзара іс-қимыл шарттарын жасау әдістері.
<p>3-еңбек функциясы Әдістемелік материалдарды әзірлеу, білім алушылардың жеке және кәсіби әлеуетін ашудың және пайдаланудың, денсаулықты сақтау, ұйымдастыру және техникалық жағдайларын жобалау; сабақтар өткізу.</p>	<p>Іскерлік және дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқушылардың жеке және кәсіби мүдделерін анықтау. 2. Әдіскерлермен және басшылық персоналмен тақырыптарды, өткізу нысандары мен сабақтардың, семинарлардың, конференциялардың, біліктіліктерді арттыру курстарының мазмұнын келісу. 3. Тәрбие және оқу-тәрбие қызметінде коммуникацияның логикалық әдістерін пайдалану. 4. Шолудың инновациялық әдістерін қолдану және көзқарастарды келісу. 5. Жеке рефлексивті рәсімдерді ұйымдастыру. 6. Топтық рефлексивті рәсімдерді ұйымдастыру. 7. Рефлексия нәтижелерін қорытындылау және жүйелендіру. 8. Қосымша білімді меңгеру және қосымша қабілеттерді ашу. <p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқушылардың жеке және кәсіби мүдделерін анықтаудың

	<p>тәсілдері мен мүдделері.</p> <ol style="list-style-type: none"> 2. Сөйлесу әдістері, коммуникация және келісу. 3. Оқу-педагогикалық қызмет жағдайларын модельдеу әдістері. 4. Шолу және көзқарастарды келісу тәсілдері. 5. Жеке және топтық рефлексивті рәсімдерді ұйымдастыру принциптері. 6. Рефлексия нәтижелерін қорытындылау және жүйелендіру әдістері. 7. Қосымша білімді меңгеруге және қосымша қабілеттерді ашуға тапсырыс пен талаптарды қалыптастыру әдістері.
<p>4-еңбек функциясы Білім алушылардың дербес оқу қызметін ұйымдастыру</p>	<p>Іскерлік және дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Міндетті және проблемалық оқу жағдайларын жобалау. 2. Өртүрлі әлеуметтік және кәсіптік ұстанымдарда оқушылардың оқу қызметі мен өзара іс-қимылын ұйымдастыру. 3. Білім мен дағдының жетіспеушілігін айқындау. 4. Қажетті қабілеттерді қалыптастыру бойынша тренингтерге оқушыларды уәждемелеуді ұйымдастыру. <p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дарындыларды айқындау және қолдау әдістері. 2. Педагогикалық жұмыстың тиімді нысандары мен әдістерін қорытындылау және тарату әдістері. 3. Оқушының жеке және кәсіби әлеуетін ашуға ықпал ететін жағдайларды жасау тәсілдері мен қағидаттары. 4. Әлеуметтік қызмет, жеке тұлғааралық өзара іс-қимыл жағдайларын ұйымдастыру және модельдеу әдістері. 5. Педагогикалық және психологиялық ғылым саласындағы жетістік. 6. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен оқыту әдістері. 7. Кәсіби, коммуникативті, ақпараттық және құқықтық құзыреттілікті қалыптастыру принциптері. 8. Оқытуды дамытатын саралап оқытудың педагогикалық технологиялары; құзыреттілік тәсілі. 9. Мәтіндік редакторлармен, электрондық кестелермен, электрондық поштамен және браузерлермен, мультимедиялық жабдықпен жұмыс істеу негіздері.
<p>5-еңбек функциясы Рефлексия, жеке қызметтегі қиыншылықтарды анықтау және түзету</p>	<p>Іскерлік және дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқу және оқу педагогикалық жағдайларды, әріптестермен өзара әрекеттерді талдау және қиыншылықтарды анықтау. 2. Рефлексия нәтижелерін қорытындылау және жүйелендіру, проблемалар мен міндеттерді қою. 3. Тапсырысты тұжырымдау және қосымша білімдерді меңгеру мен қосымша қабілеттерді ашуға өзіндік айқындау. <p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Білім беру процестері субъектілері іс-қимылдарының жағдайларын жүйелі талдау әдістері. 2. Түсінік: ұстаным, функциялар, іс-қимылдар, қиыншылықтар,

	<p>критерийлер, міндеттер, проблемалар.</p> <p>3.Рефлексия нәтижелерін қорытындылау және жүйелендіру әдістері</p> <p>4.Тапсырысты тұжырымдау және қосымша білімдерді меңгеру мен қосымша қабілеттерді ашуға өзіндік айқындау.</p> <p>5.Есептік педагогикалық құжаттаманы әзірлеуге және ресімдеуге қойылатын талаптар.</p>
--	--

Мамандық карточкасы «Педагог (мамандану: жалпы орта білім)»	
Кәсіп коды	2320
Кәсіп атауы	Педагог (мамандандыру: жалпы орта білім)
ҰБШ бойынша біліктілік деңгейі	5
БА бойынша біліктілік деңгейі	Жұмыс өтіліне талап қоймай жоғары педагогикалық білім
Кәсіптік білім деңгейі	Мамандығына сәйкес жоғары білім
Еңбек функциялары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Әдіснамалық құралдарды (тәсілдерді, қағидаттарды, әдістерді, түсініктерді, санаттарды, тұжырымдамаларды), жалпы орта білімді зерттеу мен жобалаудың қолданыстағы әдістерін талдау және таңдау. 2. Қолданыстағы әдістемелік материалдарды, тәрбиелеу мен оқытудың озық әдістемелік және педагогикалық технологияларын зерделеу және қорытындылау. 3. Жалпы орта білім моделін, оқу-әдістемелік материалдарды, педагогикалық қызмет тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу. 4.Оқу және педагогикалық қызмет жағдайларын модельдеу, педагогикалық қызмет жоспарын әзірлеу. 5.Сабақтар өткізу, рефлексия, әдістемелік, тәрбиелік және педагогикалық қызмет жағдайлары мен әдістерінің қиыншылықтары мен түзетулерін анықтау.
1-еңбек функциясы Әдіснамалық құралдарды (тәсілдерді, қағидаттарды, әдістерді, түсініктерді, санаттарды, тұжырымдамаларды), жалпы орта білімді зерттеу мен жобалаудың қолданыстағы әдістерін талдау және жобалау.	<p>Іскерлік және дағды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқу, педагогикалық және басшылық қызметі жағдайларын зерттеуде, жобалауда, жақсартуда инновациялық әдістерді пайдалану. 2.Оқушылардың жеке және кәсіби әлеуетін ашудың және іске асырудың инновациялық әдістерін пайдалану. 3.Әдістемелік, педагогикалық және басшылық қызметінің әдіснамалық құралдарын таңдауда коммуникацияны қолдану және көзқарас бойынша келісу. <p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Түсініктерді айыра білу: дамыта отырып оқыту, оқу әрекеті, оқу-педагогикалық іс-әрекет, ұйымдастыру,

	<p>басқару, рефлексивті ойлауды ұйымдастырудың құралдары, тәсілдер, қағидаттар, әдістер, түсініктер, санаттар мен тұжырымдамалар, қызмет нормалары.</p> <p>2.Нормалар типтері: мақсат, жоспар, бағдарлама, жоба.</p> <p>3. Қызметтік мәтіндермен жұмыс істеу әдістері.</p> <p>4. Білім алушылардың рухани, зияткерлік, дене әлеуетін, жас ерекшелік және жеке, психологиялық зияткерлік қабілеттерін диагностикалау тәсілдері, қағидаттары мен әдістері.</p> <p>5. Субъектілердің қызметі мен өзара іс-қимылының оқу және кәсіби жағдайларын ойынмен модельдеу әдістері.</p> <p>6. Өзін-өзі тануға, өзіндік білім алуға, өзін-өзі ұйымдастыруға, өзін-өзі жетілдіруге уәждеу және ынталандыру әдістері.</p> <p>7.Оқу, педагогикалық, әдістемелік және басшылық қызметі жағдайын жүйелі талдау мен жобалау әдіснамасы.</p> <p>8.Тәрбиелеу мен оқытудың бағдарламалық және проблемалық әдістері.</p>
<p>2-еңбек функциясы</p> <p>Қолданыстағы әдістемелік материалдарды, тәрбиелеу мен оқытудың озық әдістемелік және педагогикалық технологияларын зерделеу және қорытындылау.</p>	<p>Іскерлік және дағды:</p> <p>1. Ұстанымаралық коммуникацияны ұйымдастыру және көзқарасты келісу.</p> <p>2. Нормативтік мәтіндерді, оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық технологияларын зерделеуде мәтінмен жұмыс істеу әдісін пайдалану.</p> <p>Білім:</p> <p>1. Ұйымдасқан коммуникация схемасының функционалдық талаптары және көзқарасты келісу.</p> <p>2. Нормативтік мәтіндерді, әдістемелік материалдарды схемалық шолу.</p> <p>3. Бар таптаурынды проблемаландыру тәсілдері.</p> <p>4. Оқу, әдістемелік және педагогикалық қызметте туындайтын проблемаларды қою және иерархизациялау.</p> <p>5. Дау-дамай жағдайлары себептерін диагностикалау әдістері, олардың алдын алу және оны шешу тәсілдері.</p> <p>6. Қайта нормалау және нормаларды іске асыруды бақылау тәсілдері.</p> <p>7. Педагогикалық ғылым мен практиканың жетістігі</p>

<p>3-еңбек функциясы Жалпы орта білім моделін, оқу-әдістемелік материалдардың, педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу.</p>	<p>Іскерлік және дағды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқушылардың, әдіскерлердің, педагогтар мен басшылық персоналдың қызметі мен өзара іс-қимыл моделін әзірлеу. 2. Оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу. 3. Оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын әзірлеу. 4. Педагогикалық қызмет тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу. <p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқу-әдістемелік материалдардың типтері мен түрлері. 2. Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу қағидаттары, тәсілдері және талаптары. 3. Педагогикалық қызметтің функционалдық модельдерін салу әдістері. 4. Оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын талаптар.
<p>4-еңбек функциясы Оқу және педагогикалық қызмет жағдайларын модельдеу, педагогикалық қызмет жоспарын әзірлеу.</p>	<p>Іскерлік және дағды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқушылардың, әдіскерлердің, педагогтар және басшылық персоналдың қызметі мен өзара іс-қимылының типтік жағдайларын ойын түрінде модельдеу бағдарламалары мен жоспарын әзірлеу. 2. Ойын түрінде модельдеуде модератордың (ойын техникінің) функцияларды орындауы. 3. Есепті ресімдеу. <p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ойын түрлері: рөлдік, іскерлік, инновациялық, ұйымдастыру-коммуникативті, ұйымдастыру-қызмет және басқа. 2. Ойынға қатысушылардың көзқарасын схемаландыру қағидаттары. 3. Көзқарасты келісуде коммуникацияны, ұйымдастыру, түсінік, сын, арбитраждық жұмыс қағидаттары. 4. Қосымша және нақтылаудың логикалық қағидаттары. 5. Білім алу процесіне қатысушылардың қызметі мен өзара іс-қимылының функционалдық модельдерін қалыптастыру әдістері.
<p>5-еңбек функциясы Сабақтар өткізу, рефлексия, әдістемелік, тәрбиелік және педагогикалық қызмет жағдайлары мен әдістерінің қиыншылықтарын және түзетулерін анықтау</p>	<p>Іскерлік және дағды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқу және оқу-педагогикалық жағдайларды, әріптестермен өзара әрекеттерді талдау және қиыншылықтарды анықтау. 2. Рефлексия нәтижелерін қорытындылау және жүйелендіру, проблемалар мен міндеттерді қою. 3. Қосымша білімдерді меңгеру мен қосымша

	<p>қабілеттерді ашу. 4. Өзінің кәсіби деңгейін жүйелі арттыру.</p> <p>Білім: 1. Білім беру процестері субъектілерінің өзара іс-қимылдарының жағдайларын жүйелі талдау әдістері. 2. Түсініктерді айыра білу: ұстаным, функциялар, іс-қимылдар, қиыншылықтар, критерийлер, міндеттер, проблемалар. 3. Рефлексия нәтижелерін қорытындылау және жүйелендіру әдістері. 4. Тапсырысты тұжырымдау және қосымша білімдерді меңгеру мен қосымша қабілеттерді ашуға өзіндік айқындау. 5. Есептік құжаттаманы әзірлеуге және ресімдеуге қойылатын талаптар.</p>
Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар	<p>Өзін-өзі ұйымдастыру. Коммуникативті қабілеттер. Талдау қабілеттері. Педагогикалық қабілеттер.</p>
БСШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	Әдіскер
Мамандық коды	2351
Кәсіптер карточкасы «Әдіскер (мамандану: жалпы орта білім)»	
Мамандық коды	2351
Мамандық атауы	Әдіскер (мамандандыру: жалпы орта білім)
ҰБШ бойынша біліктілік деңгейі	4
БА бойынша біліктілік деңгейі	Жұмыс өтіліне талап қоймай техникалық және кәсіптік педагогикалық (арнаулы орта, кәсіптік орта) білімі.
Кәсіптік білім деңгейі	Мамандығына сәйкес техникалық және кәсіптік мамандық
Еңбек функциялары	<p>1. Тәрбиелеу мен оқытудың педагогикалық технологияларын, қолданыстағы әдістемелік материалдарды, әдістемелік жұмыстың оң тәжірибесін зерделеу және қорытындылау.</p> <p>2. Оқу және педагогикалық қызмет шарттарын модельдеу, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша әдістемелік жұмыс жоспарын әзірлеу.</p> <p>3. Әдістемелік кабинеттерді, зертханаларды материалдармен, жабдықпен, көрнекі құралдармен қамтамасыз ету және әзірлеу.</p> <p>4. Сабақтарды, семинарларды, конференцияларды, білім</p>

	<p>беру мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру</p> <p>5. Рефлексия, жеке әдістемелік қызметтегі қиыншылықтарды анықтау және түзету. Белгіленген есеп құжаттамасын жасау.</p>
<p>1-еңбек функциясы</p> <p>Тәрбиелеу мен оқытудың педагогикалық технологияларын, қолданыстағы әдістемелік материалдарды, педагогикалық қызметтің оң тәжірибесін зерделеу және қорытындылау</p>	<p>Іскерлік және дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нормативтік құқықтық актілердің ережелерін сақтау. 2. Оқушылардың рухани, зияткерлік және дене әлеуетін диагностикалау. 3. Оқу және педагогикалық қызметті зерттеуде, жобалауда, жағдайларын жақсартуда инновациялық әдістерді пайдалану. <p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Түсініктерді айыра білу: еңбек қызмет, құралдар мен тәсілдер, мақсат және нәтиже, индивид, субъект, жеке тұлға, адам, әдістер, тәсілдер, қағидаттар, қызмет мәні, оқу және педагогикалық әрекеттер, педагогикалық технология, тәрбиелеу, оқыту, білім, адамның рухани зияткерлік және дене әлеуеті, ойлау, рефлексия. 2. Дидактика принциптері, педагогика және жас ерекшелігі психологиясы. 3. Әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелендіру принциптері. 4. Оқытудың аудиошолу және интерактивті құралдарына қойылатын талаптар. 5. Еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өрт қауіпсіздігінің қағидалары мен нормалары. 6. Санитарлық нормалар мен қағидалар. 7. Бала құқықтары туралы конвенция, «Білім туралы», «ҚР бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес», «ҚР Тіл туралы» ҚР заңдары, ҚР Еңбек кодексі және басқа да білім беруді ұйымдастыру қызметі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер. 8. Білім берудің мемлекеттік стандарттары. 9. ҚР білім беруді ұйымдастыру жүйесі. 10. Оқу-бағдарламалық құжаттаманы әзірлеу принциптері және тәртібі.
<p>2-еңбек функциясы</p> <p>Оқу және педагогикалық қызмет шарттарын модельдеу, білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша әдістемелік жұмыс жоспарын әзірлеу.</p>	<p>Іскерлік және дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқу, әдістемелік, педагогикалық қызмет шарттарын зерттеу, жобалау және модельдеу әдістемесін әзірлеу. 2. Оқу және педагогикалық қызмет шарттарын модельдеу. 3. Әдістемелік жұмыс жоспарын әзірлеу. <p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқу, педагогикалық және басшылық қызмет

	<p>шарттарын зерттеу, жобалау және модельдеу әдістемесін әзірлеу әдістері.</p> <p>2. Адамның жеке әлеуетін ашу және іске асыру шарттарын модельдеудің тәсілдері мен принциптері.</p> <p>3. Әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелендіру принциптері; оқу-бағдарламалық құжаттаманы әзірлеу қағидаттары және тәртібі.</p> <p>4. Әдістемелік жұмыс жоспарын әзірлеуге қойылатын талаптар.</p>
<p>3-еңбек функциясы</p> <p>Әдістемелік кабинеттерді, зертханаларды материалдармен, жабдықпен, көрнекі құралдармен қамтамасыз ету және әзірлеу.</p>	<p>Іскерлік және дағдылар:</p> <p>1. Әдістемелік кабинеттерді, зертханаларды материалдармен, жабдықпен, көрнекі құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттарды әзірлеу, жаңарту.</p> <p>2. Басқару органдарымен өзара іс-қимыл, әдістемелік кабинеттерді, полигондарды материалдармен, жабдықпен, көрнекі құралдармен қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды келісу.</p>
	<p>Білім:</p> <p>1. Әдістемелік кабинеттерді материалдармен, жабдықпен, көрнекі құралдармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру мен техникалық нормативтер.</p> <p>2. Әдістемелік кабинеттерді материалдармен, жабдықпен, көрнекі құралдармен қамтамасыз ету нұсқаларын келісу тәсілдері және принциптері.</p> <p>3. Әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелендіру принциптері.</p> <p>4. Оқыту құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндіктері.</p> <p>5. Мәтінді редактормен, электронды кестелермен, электронды поштамен және браузерлермен, мультимедиялық жабдықпен жұмыс істеу негіздері.</p> <p>6. Оқу кабинеттері мен қосалқы үй-жайларды жарақтандыруға және жабдықтауға қойылатын талаптар.</p>
<p>4-еңбек функциясы</p> <p>Ашық сабақтарды, семинарларды, конференцияларды, білім беру мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру</p>	<p>Іскерлік және дағдылар:</p> <p>1. Білім беру қызметкерлерінің (педагогикалық, басшылық және техникалық персонал) жеке және кәсіби мүдделерін анықтау.</p> <p>2. Сабақтарды, семинарларды, конференцияларды, педагогикалық, басшылық және техникалық персоналдың біліктілігін арттыру курстарын өткізу мен мазмұнының тақырыптарын, нысандарын келісу.</p> <p>3. Білім беру мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру нәтижелерін бағалауда және ресімдеуде әдістемелік көмек көрсету.</p> <p>Білім:</p>

	<p>1. Өзінің кәсіби шеберлігін арттыруға педагогикалық, басшылық және техникалық персоналдың уәждемесін қамтамасыз ету әдістері.</p> <p>2. Түсініктерді айыра білу: мүмкіндіктер, тұтынушылық, қажеттіліктер, қабілеттер, құзыреттер.</p> <p>3. Құзыреттілік тәсілі.</p> <p>4. Ашық сабақтарды, семинарларды, конференцияларды, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру принциптері.</p> <p>5. Білім беру процесі субъектілерінің өзара іс-қимыл жағдайларын жүйелі талдау әдістері.</p> <p>6. Ашық сабақтарды, семинарларды, конференцияларды, біліктілікті арттыру курстарын өткізуге жоспалар мен бағдарламаларды әзірлеуге және ресімдеуге қойылатын талаптар.</p>
<p>5-еңбек функциясы</p> <p>Рефлексия, жеке әдістемелік қызметтегі қиыншылықтарды анықтау және түзету, белгіленген есеп құжаттамасын жасау.</p>	<p>Іскерлік және дағдылар:</p> <p>1. Жеке рефлексивті рәсімдерді ұйымдастыру.</p> <p>2. Топтық рефлексивті рәсімдерді ұйымдастыру.</p> <p>3. Рефлексия нәтижелерін қорытындылау және жүйелендіру.</p> <p>4. Қосымша білімдерді меңгеру мен қосымша қабілеттерді ашуға тапсырыстарды және талаптарды тұжырымдау.</p> <p>Білім:</p> <p>1. Түсініктерді айыра білу: ұстаным, функциялар, іс-қимылдар, қиыншылықтар, критерийлер, міндеттер, проблемалар, әдістер мен әдістемелер.</p> <p>2. Жеке және топтық рефлексивті рәсімдерді ұйымдастыру принциптері.</p> <p>3. Рефлексия нәтижелерін қорытындылау және жүйелендіру әдістері.</p> <p>4. Тапсырысты тұжырымдау әдістері және қосымша білімдерді меңгеру мен қосымша қабілеттерді ашу талаптары.</p> <p>5. Есептік құжаттаманы әзірлеуге және ресімдеуге қойылатын талаптар.</p>
<p>Кәсіптер карточкасы</p> <p>«Әдіскер (мамандану: жалпы орта білім)»</p>	
Кәсіп коды	2351
Кәсіп атауы	Әдіскер (мамандандыруу: жалпы орта білім)
ҰБШ бойынша біліктілік деңгейі	5
БА бойынша біліктілік деңгейі	Жоғары білім және білім беру ұйымдарында еңбек өтілі 5 жылдан кем емес
Кәсіптік білім деңгейі	Мамандығына сәйкес жоғары білім

Еңбек функциялары	<p>1. Әдістемелік, педагогикалық және басшылық қызметтің әдіснамалық құралдарын (тәсілдерді, принциптері, әдістерді, түсініктерді, санаттарды, тұжырымдамаларды) талдау және таңдау.</p> <p>2. Тәрбиелеу мен оқытудың озық әдістемелік және педагогикалық технологияларын, қолданыстағы әдістемелік материалдарды, әдістемелік жұмыстың оң тәжірибесін зерделеу және зерттеу.</p> <p>3. Модельді жобалау және модельді келісу, оқу және педагогикалық қызмет шарттарын модельдеу.</p> <p>4. Модельді іске асырудың ұйымдық және техникалық шарттарын жасау, оқушыларды тәрбиелеу және оқыту бойынша жоспарды, әдістемелік материалдарды әзірлеу.</p> <p>5. Әдістемелік және педагогикалық қызмет мониторингі: рефлексия, тәрбиелеу және оқыту шарттарының қиыншылықтарын анықтау және түзету.</p>
1-еңбек функциясы Әдістемелік, педагогикалық және басшылық қызметтің әдіснамалық құралдарын (тәсілдерді, қағидаттарды, әдістерді, түсініктерді, санаттарды, тұжырымдамаларды) талдау және таңдау.	<p>Іскерлік және дағдылар:</p> <p>1. Педагогтардың инновациялық және тәжірибелік-эксперименттік тәжірибесін талдау және қорытындылау.</p> <p>2. Оқу, педагогикалық және басшылық қызметті зерттеуде, жобалауда және жақсартуда инновациялық әдістерді пайдалану.</p> <p>3. Оқушылардың жеке және кәсіби әлеуетін ашу мен іске асыруда инновациялық әдістерді пайдалану.</p> <p>4. Әдістемелік, педагогикалық және басшылық қызметтің әдіснамалық құралдарын таңдауда көзқарас коммуникациясы мен келісуді қолдану.</p> <p>5. Тәрбиелік-педагогикалық процесті ұйымдастыруда басшылар мен педагогикалық қызметкерлерге консультациялық және практикалық көмек көрсету.</p> <p>Білім:</p> <p>1. Түсініктерді айыра білу: дамыта отырып оқыту, оқу әрекеті, оқу-педагогикалық өзара іс-әрекет, ұйымдастыру, басқару, рефлексивті ойлауды ұйымдастырудың құралдары, тәсілдер, қағидаттар, әдістер, түсініктер, санаттар мен тұжырымдамалар, қызмет нормалары.</p> <p>2. Нормалар типтері: мақсат, жоспар, бағдарлама, жоба.</p> <p>3. Қызметтік мәтіндермен жұмыс істеу әдістері.</p> <p>4. Оқушылардың рухани, зияткерлік, дене әлеуетін, жас ерекшелік және жеке, психологиялық зияткерлік қабілеттерін диагностикалау әдістері.</p> <p>5. Өзін-өзі тануға, өзіндік білім алуға, өзін-өзі ұйымдастыруға, өзін-өзі жетілдіруге уәждеу және ынталандыру әдістері.</p> <p>6. Оқу, педагогикалық, әдістемелік және басшылық</p>

	<p>қызметі жағдайын жүйелі талдау мен жобалаудың әдіснамасы.</p> <p>7. Тәрбиелеу мен оқытудың бағдарламалық және проблемалық әдістері.</p> <p>8.Субъектілердің қызметі мен өзара іс-қимылының оқу және кәсіби жағдайларын ойын түрінде модельдеу әдістері.</p>
<p>2-еңбек функциясы</p> <p>Тәрбиелеу мен оқытудың озық әдістемелік және педагогикалық технологияларын, қолданыстағы әдістемелік материалдарды, әдістемелік жұмыстың оң тәжірибесін зерделеу және қорытындылау.</p>	<p>Іскерлік және дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Көзқарасты ұстанымаралық коммуникациялау мен келісуді ұйымдастыру. 2. Нормативті мәтіндерді, оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық технологияларын зерделеуде мәтінмен жұмыс істеу әдісін пайдалану. 3.Білім беру процесі субъектілерінің қызметі мен өзара іс-қимылы модельдері мен жобаларын әзірлеу. 4. Субъектілер қызметі мен өзара іс-қимылының типтік шарттарын модельдеу. 5. Қиыншылықтарды, міндеттер мен проблемаларды анықтау және жүйелендіру. 6.Нормаларды іске асыруда қайта нормалау және бақылау тәсілдерін айқындау. <p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұйымдық коммуникация және көзқарасты келісу схемасының функционалдық талаптары. 2. Нормативтік мәтіндерді, әдістемелік материалдарды схемалық шолу. 3. Бар таптаурындарды проблемаландыру тәсілдері. 4. Оқу, әдістемелік, педагогикалық, басшылық қызметте туындайтын проблемаларды қою және иерархизациялау. 5. Дау-дамай жағдайлары себептерін диагностикалау әдістері, олардың алдын алу және оны шешу тәсілдері. 6. Қайта нормалау және нормаларды іске асыруды бақылау әдістері. 7. Педагогикалық ғылым мен практиканың жетістігі. 8. Білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктері мен педагогтары жұмысының тиімді нысандары мен әдістерін анықтау, қорытындылау және тарату әдістемесі.
<p>3-еңбек функциясы</p> <p>Модельді жобалау және модельді келісу, оқу және педагогикалық қызмет шарттарын модельдеу.</p>	<p>Іскерлік және дағды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқушылардың, әдіскерлердің, педагогтар мен басшылық персоналдың қызметі мен өзара іс-қимылы типтік шарттарының бағдарламалары мен ойын түрінде модельдеу жоспарын әзірлеу. 2. Ойын түрінде модельдеуде модератордың (ойын

	<p>технигінің) функцияларды орындауы. 3. Есепті ресімдеу.</p> <p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ойын түрлері: рольдік, іскерлік, инновациялық, ұйымдық-коммуникативті, ұйымдық-қызмет және басқалар. 2. Ойынға қатысушылардың көзқарасын схемаландыру қағидаттары. 3. Көзқарасты келісуде коммуникацияны ұйымдастыру, түсінік, сын, арбитраждық жұмыс қағидаттары. 4. Қосымша және нақтылаудың логикалық қағидаттары. 5. Білім алу процесіне қатысушылардың қызметі мен өзара іс-қимылының функционалдық модельдерін қалыптастыру әдістері.
<p>4-еңбек функциясы Модельді іске асырудың ұйымдық және техникалық шарттарын жасау, білім алушыларды тәрбиелеу және оқыту бойынша жоспарды, әдістемелік материалдарды әзірлеу.</p>	<p>Іскерлік және дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жалпы орта білімнің моделін әзірлеу жөніндегі білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылын ұйымдастыру, модельдерді іске асырудың ұйымдық және техникалық шарттарын жасау. 2. Оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеуді, рецензиялауды және басып шығаруды ұйымдастыру. 3. Семинарларды, педагогикалық шеберлікті арттыру курстарын ұйымдастыру. 4. Семинарларды, оқу курстарын, конкурстарды, көрмелерді, білім алушылардың олимпиадаларын өткізуге арналған құжаттаманы әзірлеу және ұйымдастыру. 5. Өзара іс-қимылда коммуникация техникасын және көзқарасты нақты әдістерін пайдалану. 6. Топтық рефлексияны ұйымдастыру. 7. Қиыншылықтарды талдау және тіркеу, міндеттер мен проблемаларды қою. 8. Қайта нормалау, қызметтің жаңа нормаларын тұжырымдау тәсілдерін жобалау. <p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқу пәндерін оқыту әдістері. 2. Білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылын ұйымдастыру, әдістемелік жұмыс пен білім беру процесі моделін әзірлеу әдістері. 3. Топтық рефлексивтік талдауды және қайта нормалауды ұйымдастыру әдістері, қиыншылықтарды анықтау техникасы. 4. Ұйымдасқан коммуникация қағидаттары. 5. Көзқарасты шолу қағидаттары. 6. Міндеттер мен проблемаларды қою тәсілдері. 7. Нормаларды іске асыруды қайта нормалау және

		бақылау тәсілдері. 8. Оқыту құралдары және олардың дидактикалық мүмкіндіктері.
5-еңбек функциясы Әдістемелік және педагогикалық қызмет мониторингі: рефлексия, қосымша білім беру шарттарының қиыншылықтарын анықтау және түзету.		Іскерлік және дағды: 1. Мониторинг құралы ретінде коммуникацияны пайдалану. 2. Жағдайларды рефлексивті талдауды ұйымдастыру. 3. Субъектілердің қызметі мен өзара іс-қимылындағы қиыншылықтарды атап өту және тіркеу. 4. Қиыншылықтар, типтік міндеттер мен проблемалар, оларды жеңу (шешу) тәсілдері банкін құру. 5. Педагогтардың оң тәжірибесін зерделеу, жүйелендіру және тарату. 6. Есептік құжаттаманы ресімдеу. 7. Білім беру процесіне қатысушылардың қайта нормалау тәсілдерін айқындауға ықпал ету. 8. Нормаларды іске асыруды бақылау. 9. Өзінің кәсіби деңгейін жүйелі арттыру. Білім: 1. Шарттарды рефлексивті талдауды ұйымдастыру әдістері мен тәсілдері. 2. Субъектілердің қызметі мен өзара іс-қимылындағы қиыншылықтарды анықтау және тіркеу. 3. Қиыншылықтар, типтік міндеттер мен проблемалар, оларды жеңу тәсілдері банкін құру және жүргізу тәсілдері. 4. Есептік құжаттама түрлері және оны ресімдеуге қойылатын талаптар. 5. Әдістемелік және педагогикалық қызметті бағалау қағидаттары мен критерийлері. 6. Нормаларды іске асыруды қайта нормалау және бақылау тәсілдері.
Жеке қызыреттілікке қойылатын талаптар		Өзін-өзі ұйымдастыру. Коммуникативті қабілеттер. Талдау қабілеттері. Ұйымдастыру қабілеті. Педагогикалық қабілеті.
ҰБШ шеңберінде басқа мамандықтармен байланысы	Педагог	
Кәсіп коды	2320	
Кәсіптік стандарттың техникалық деректері		
Әзірленді		«Тұран-Профи» халықаралық кәсіптік академиясы

Нұсқаның нөмірі және шығарылған жылы	1-нұсқа, 2015 жыл
Болжамды қайта қарау күні	2018 жыл